

Ведомствоаралық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 14 маусым N 179

"Аймақтарда реформаларды жүргізу жөніндегі облыстар мен Алматы қаласы әкімдері қызметінің рейтингтік жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 620 қаулысының 3-тармағына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан облыстар мен Алматы қаласы әкімдері қызметінің рейтингтік жүйесі үшін ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) мына құрамда құрылсын:

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі (комиссия төрағасы)

Әбдікамалов О.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты аумақтық даму бөлімі меңгерушісінің орынбасары (комиссия төрағасының орынбасары)

Жәрменов Б.Б. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі аумақтық саясат және реформаларды ұйымдастыру-орындауды қамтамасыз ету бас басқармасының бастығы, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Велимухаметов М.М. - Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары

Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары

Тоқсейітов Р.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары

Төтенев Б.В. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары

Шоқаманов Ю.К. - Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдары Ведомствоаралық комиссияның сұрауы бойынша ақпараттар мен материалдарды уақытылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Ведомствоаралық комиссия ай сайын Қазақстан Республикасы Үкіметіне облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің рейтингі жөнінде ұсыныс енгізсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК